

ҚАЗАҚ АБАЙ ЖОЛЫМЕН ЖҮРСЕ, АДАСПАЙДЫ



Сұлтан ОРАЗАЛИН,
*Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері, жазушы:*

Жидебайдан кейін Ақшоқыны жөндеп, мемлекет қарауына алу керек. Мысалы, Ақшоқы – Абайдың ұлы бесіктерінің бірі. Ақшоқыда Абайдың көп әні жазылған. Ақшоқының маңайының барлығы Абайдың ұрпақтары мен балалары жатқан қорымдар. Абайды қалай дәріптесек, Құнанбайды да осылай дәріптейтін уақыт келді. Құнанбайдың тарихи рөлі мен беделін көтеру керек.

Жалпы, Абай тойын не үшін өткізгелі отырмыз? Тойдан кейін артымызда не қалу керек? 150 жылдық жақсы басталды, Абайдың ескерткішін, кесене кешенін салды. Өкініштісі, оны толық аяқтағанымыз жоқ. Содан бері ширек ғасыр өтті. Әлі төбесінен су ағып, сол қалпында тұр. Сол кезде Абайдың қесенесін жасап жатқанға мәз болдық. Сол ескерткіштің өзі көңілге қона ма?

Ғарифолла ЕСІМ,
*ҰҒА академигі, философия
ғылымының докторы, профессор:*



Семей қаласы мен Жидебайдың арасы тура 180 шақырым. Даңғыл салынатын болса, жол 4 жолақты болады. Қазір облыс Абайдың туған жеріне баратын жолды жөндеп қойды. Ол жолыңыз бірекі жылдан кейін түк болмай қалады. Әне-міне дегенше Мұхтар Әуезовтің мерейтойы келеді, сосын Шәкәрімнің мерейтойы бар. Сөйтіп, үш тұлғаның тойы 5 жыл сайын қайталанып отырады. Бұл мәселені толық шешіп тастау үшін баратын жолды «Абай жолы даңғылы» деп атап, Бұрабай мен Қарағандыға салған сияқты автобан салып тастау керек. Сондай жол салсақ, 180 шақырымдық, көп шығын келтірмейді керісінше, осы күрежол арқылы ауыл-аймақтағы халықтың тұрмысы, күнкөрісі артады. Өңірдің экономикасы нығайып, туризм саласы дамиды. Ең қызығы осы 180 шақырым жолдың бойында қазақтың үш бірдей үлкен тұлғасы – Абай, Шәкәрім, Мұхтардың туған жері бар емес пе? Солардың өмір тарихымен-ақ елдің әлеуетін арттыруға болады.